



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қазақстан Ұлы Жеңіске зор үлес қосты. Бес жүзден астам қазақстандық жауынгер Кеңестер Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова сынды қазақтың батыр ұл-қыздарының ерліктері ұрпақ жадында өшпестей із қалдырды», [5]- деп Елбасы Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесімен құттықтау сөзінде Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік пен қаһармандыққа толы биік рухын барша әлемге танытқан аға ұрпақтың жанқиярлық ісін дәл атап көрсеткен болатын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 г. Казахская ССР.- Москва: Госстатиздат, 1962. 202 с.
2. Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны.- Алма-Ата: Казахстан, 1964. 364 с.
3. Қаленова Т. 1941-1945 қанды майдан жылдарындағы қазақ жауынгерлерінің қаһармандығы // "ЕҰУ Хабаршысы", Тарих сериясы, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013.- №5 (96). –С. 121-127.
4. Көлбаев Т. Сталинградты қорғаған қазақстандықтар // Алаш айнасы.- 16 ақпан 2013.
5. <http://www.zakon.kz/>

ӘОЖ 342.511.7

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Реймов Қусаин Ерболатұлы, Алпыспай Теңіз Айдынұлы.

history-11enu@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің III курс студенттері
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - К.И.Искакова

Қазақстандағы білім беру ісінің тарихы тереңде жатыр. Орта ғасырдың ерте кезеңдерінен-ақ халықтың сауат ашуы жүріп жатты. 7-8 ғасырларда ислам діні таралуымен көптеген медреселер ашылып, халық сол медреселерден сауат ашты. Мысалы, орта ғасырлардағы Отырар медресесінде қазақ жерінің ұлы перзенті, Шығыс Аристотелі, екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фараби білім алды. Беріректе Уфадағы “Ғалия” медресесінде Т.Жомартбаев, М.Сералин, Б.Майлин, М.Жұмабаев, Семейдегі Ахмет Риза медресесінде Абай Құнанбаев оқыды. Бұл оқу орындарында дін жолын уағыздайтын пәндерден басқа заңтану, тарих, логика, риторика, география, философия, математика, астрономия, медицина, т.б. зайырлы пәндер оқытылған. Медреселердің жанында кітапханалар болды.

XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақ даласында байырғы халықтың балаларын оқытуға арналған еуропалық үлгідегі мектептер жоқтың қасы еді, мұндай бастауыш мектеп 1841 жылы тек Бөкей Ордасында ғана ашылды. Отаршылдық аппараттың төменгі органдарына хатшылар мен тілмаштар даярлау үшін 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларын оқытуға арналған жеті жылдық арнаулы мектеп ашылды [1, 523-679 б.].

1907 жылы Ресей империясында жалпы білім беруді енгізу туралы жоба жарияланды, онла бастауыш мектептер желісін құру көзделді. Жоба бойынша білім беру ісі 7-11 жастағы балаларды қамтуға тиіс болды, бастауыш білім беруді 10 жыл ішінде енгізу жорамалданды. Нақ осы жылдарда бастауыш білім беру мұқтаждарына қаражат босату туралы заң(1908) және 1909 жылы Халық анарту министрлігі жанынан «мектеп-құрылыс қорын» құру туралы заң

кабылданды. Бұл заң актілері мектепте білім беру жүйесін кеңейтті, халыққа білім беру ісінің, соның ішінде Қазақстанның бүкіл аумағына орыс-қазақ мектептерінің кең желісін құруға кейбір дәрежеде жағдайлар жасады [1].

Баршаға мәлім, 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев қаулысымен «Болашақ» халықаралық степендиясы тағайындалды. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген. 1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберіліп, әлемнің оннан астам елдерінде білім алды.

Еліміз тәуелсіздік алған соң Білім беру ісіне басты назар аударылды. Осыған байланысты 1999 жылы 7 маусымда «Білім беру туралы заң» қабылданды (кейін 2007 ж. бұл заңға өзгерістер мен толықтандырулар енгізілді). Заңда білім беру жүйесінің міндеттері көрсетіліп, осы сала ұйымдарының ережелері, бағдарламалары мен білім деңгейлері айқындалған. Сондай-ақ, білім беру жүйесін басқару мен оның экономикасы, білім беру саласындағы халықаралық қызмет көрсетілген.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Білімнің салтанат құруы» атты бөлімінде «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдай алды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп білім беру ісіне басты назар аударады [2, 13-14 б.].

Рухани жаңғыру аясында білім беру жүйесі дұрыс бағытта дамиды. Болашақ бағдарламасы арқылы оқып келген студенттер еліміздің білім беру ісіне көп пайдасын тигізуде. Рухани жаңғыру аясында біз өз салт-дәстүрімізді сақтай отырып, шет елдің білім беру ісінің жақсы жақтарын аламыз. Үш тілді білім беру жүйесі арқылы біз әлемдік аренаға шыға аламыз. Себебі ағылшын тілі қазіргі кезде дүние жүзінде жетекші рөл ойнауда. Ағылшын тілін біз мектеп кезінен оқысақ оны жақсы меңгере аламыз.

Рухани жаңғыру білім беру ісін заман талабына сай етіп жасау. Бұл жолды тарихта бірнеше мемлекеттер ұстанған. Рухани жаңғыру арқылы өз мемлекетін көтерген. Қазақстан үшін рухани жаңғыру нақ қазіргі кезде ең керек жолдардың бірі. Жахандану жағдайында рухани жаңғыру арқылы біз заман ағымына ілесе аламыз.

Сонымен қатар президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

Атап айтқанда, үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін. Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды [3].

2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытатын боламыз. Бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу қажет. Мектептердің және мұғалімдердің деңгейі, әсіресе ауыл мен қалада әртүрлі. Білікті педагогтардың жетіспеу проблемасы да бар. Сондықтан, осының барлығын ескеріп, ағылшын тілін кезең-кезеңмен енгізуіміз керек. Тиісті ұсыныстар беруді тапсырамын. Менің бастамам бойынша биыл «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастады.

Тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастар, сондай-ақ кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылуы тиіс. Кәсіптік білім беру жүйесінде, мен айтқандай, экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар дайындауға ден қою керек.

Ол үшін кәсіптік стандарттар еңбек нарығының талаптарына және ең үздік әлемдік оқу-өндірістік тәжірибелерге сәйкес жаңартылуы қажет.

Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесі сапасына ерекше назар аударылады. Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтілуі қажет» деп көрсеткен.

Қазіргі кезде білім беру жүсіне көп көңіл бөлініп жатыр. Президентіміздің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында да Білім беру ісі туралы айтылған: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет [3].

2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау қажет. Жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруы қажет.

Жеке сектордың бірлескен қаржыландыруға атсалысуы барлық қолданбалы ғылыми-зерттеу әзірлемелері үшін міндетті талап болуға тиіс. Жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізуіміз керек. Білім беру саласына өзінің инвестициялық жобалары мен экспорттық әлеуеті бар экономиканың жеке саласы ретінде қарайтын кез келді. Жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту керек.

Оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустарын ашу қажет. Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында» деп рухани жаңғыру туралы сөз қозғаған [2].

Жолдаудың бір ерекшелігі – мұнда білім саласының барлық сатылары бойынша нақты міндеттер айқындалған. Мысалы, Президент орта мектеп, колледж, ЖОО үздік оқытушыларының бейнесабақтары мен бейнелекцияларын Интернетке орналастыру керек екенін атап өтті. Бұл расымен, еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұстаздарға қолжетімді әрі пайдалы дүние болары анық. Сонымен қатар бұл ауыл мен қала білімін теңестіруге жағдай жасайды деп ойлаймыз. Президент Жолдауда ЖОО бойынша да нақты міндеттер қойған. Оның ішінде Президенттің аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау туралы ойына ерекше тоқталуға болады. Себебі Елбасы мұндай оқу орындарының диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды даярлау керек екенін айтты. Агроөнеркәсіп саласының Қазақстан экономикасында алатын рөлінің ерекше екенін ескерсек, бұл жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламалары жаңартылып, агроөнеркәсіп кешеніндегі озық білім мен үздік тәжірибе сабақтасса, саланың дамуына ерекше үлес болары сөзсіз.

Қорыта келе білім беру ісі адамзат тарихының қай кезеңінде болсын маңызды рөл атқарған. Ал «XXI ғасыр бұл білімнің салтанат құрған ғасыры» демекші, қазіргі кезде білім беру ісін дамыту кез-келген мемлекеттің алдында тұрған басты мақсаттардың бірі. Ел дамуы үшін жақсы мамандар керек. Ал жақсы мамандарды даярлау үшін біз білім беру ісін барынша дамытуымыз керек. Осы мақсатта елбасымыздың ұстанып отырған саясаты өте орынды. Біз рухани жаңғыру аясында білім беру ісін дамытуымыз керек. Өзіміздің салт-дәстүрлерді сақтай отырып, дамыған елдердің білім беру ісінің жақсы жақтарын алуымыз керек. Қазіргі кезде ағылшын тілін білу заман талабы. Ағылшын тілін білу арқылы біз өз тарихымызды басқа жағынан зерттей аламыз. Қазіргі кезде еліміздің тарихы туралы көп деректер басқа тілдерде жазылған. Соның ішінде ағылшын тілінің алатын қоры ерекше. Ағылшын дерегінің тарихнамалық қоры да мол. Мектептерде кейбір сабақтарды ағылшын тілінде оқу арқылы біз көп нәрсе үйрене аламыз. Қазіргі кезде білімді, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болу бұл заман талабы. Еліміздің әр азаматының бойында осындай қасиеттер болғанда Қазақстан әлемдегі дамыған елдердің қатарына кіре алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том.- Алматы: Атамұра. - 2010
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017
3. Назарбаев Н.Ә.Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Ақпун (Айқын) - 10.01.2018

ӘОЖ 930.39(045)Со

ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕРУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Сағадатов Тұран.

turan_krasavchik@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері – Талғатбек М.О., Дүкенбаева З.О.

Қазақ өркениетінің әлемдік тарихта алатын орны өте ерекше. Өткенге көз жүгіртсек, ғылым-білімнің дамуы, әсем қалалардың бой көтерген дәуірі «рухани жаңғыру» атауымен есте қалғаны анық. Рухани жаңғыру арқылы өркениеттер кеңістігіне шығып, сахнасында салтанат құруымыз үшін дөңгеленген дүниенің дүбіріне құлақ түріп, заман ағымына ере білуіміз қажет. Әсіресе, бүгінгінің жаңа толқын жастары ғаламдық үдеріспен біте қайнасып, қажетін алып жатқан заманда. Қазіргі ғаламдық өзгерістер жұмсақтықты, жансақтықты кешірмейді. Керісінше жинақылық пен тұрақтылықты жанына жақын тұтып тұратын қалыбы бар тұлға болуды талап етеді. Абылай ханның :

Білекке сенген заманда,

Ешкімге есе бермедік.

Білімге сенген заманда,

Қапы қалып жүрмелік, - деген орамды ойлары еріксіз еске түседі [1,1]. Осы орайда, **Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында** екі мәселеге нақты тоқталған. «Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», дейді[2,1]. Яғни, алға жылжу үшін тозығы жеткен